

**ЕУРОПА ЕЛДЕРІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДИПЛОМАТИЯ****Шалина Айзере Нурлановна**[aizere.aizere@gmail.com](mailto:aizere.aizere@gmail.com)

Аймақтану кафедрасының 3 курс студенті

Халықаралық қатынастар факультеті

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші - Шадаева Ш.А.

Қазіргі әлемде экологиялық проблема ғалымдардың, саясаткерлердің және азаматтық қоғамның пікірталастарының мәні болып отыр. Әлемдік қауымдастық қоршаған орта проблемаларының пайда болу бастауларын түсінуді, сондай-ақ оларды шешу жолдарын табуды тілейді.

Еуропа континентіндегі экологиялық мәселелердің өзектілігі және қиындығы барлығымызға танымал. Осыған орай мемлекеттік және халықаралық институттар деңгейінде Еуропада табиғи ортаның ластану ауқымын тастандылардың барлық түрлеріне қатаң стандарттар қою арқылы, ресурсты сақтайтын технологияларды енгізуді стимулдау арқылы төмендетуді мақсат етіп қоятын орталықтанған құрылымдық экологиялық саясат жүргізу қажеттілігін түсінген болатын. Еуропалық Одақ қазіргі таңда халықаралық табиғатты қорғау ынтымақтастығы саласында әлемдегі көшбасшылардың бірі. Сонымен қатар ЕО-ның экологиялық саясаты және қызметі қоршаған ортаны қорғау саласында ғаламдық шаралармен, соның ішінде БҰҰ-ның басшылығымен жүргізіліп жатқан шаралармен де тығыз байланысты [1].

Қоршаған ортаны қорғау - ЕО қызметінің басқа да интеграциялық бағыттарымен қатар жүретін басым бағыттарының бірі. ЕО қоршаған ортаны қорғау саласында кең ауқымды компетенцияға ие, жалпы еуропалық нормативтік актілердің басым көпшілігі осы салада шығарылады. Осыған орай Ресей зерттеушісі П.А.Калиниченконың пікірінше, қазіргі таңда Еуропалық Одақ құқығында арнайы сала – ЕО-ның қоршаған орта құқығының бар екендігін айтуға болады [2]. Сонымен бірге ЕО-ның экологиялық және қоршаған орта саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қажетті өкілеттігі бар.

Алайда барлығы қазіргідей болған жоқ. Бастапқыдағы 1957 жылғы Рим келісімшарты ЕО-ға қоршаған орта саласында өкілеттік берген жоқ еді [3]. Сол жылдары ЕО-мен жүзеге асырылып жатқан шаралары бұл саланы тек жанама түрде ғана қамтыған болатын, шаралар тек экономикалық және әлеуметтік маңызды мақсаттарға жету үшін жүзеге асырылды. Табиғатты қорғау қызметі факультативті түрде іске асырылды. Бірақ ХХ ғасырдың 70-жылдары Еуропада экологиялық дағдарыстың шиеленісуімен Еуропалық Одақ деңгейінде экологиялық шараларды жүзеге асыру қажеттілігі туындады. 1970 жылдары ЕО мемлекеттері басшыларының мәжілістерінде ұйымның қоршаған ортаны қорғау саласында қызметін дамыту туралы шешімдер қабылданды. Соған қарамастан құрылтай келісімшарттың жағдайлары қайта қаралған жоқ, яғни ЕО-ның қоршаған ортаны қорғау саласында өкілеттігі қарастырылмаған еді.

XX-XXI ғасырлардағы экологиялық дипломатия - әлемдік қоғамдастықтың экологиялық апат қаупінің артып келе жатқан әсерінің нәтижесінде пайда болды. Осылайша, жасыл дипломатияны зерттеудің өзектілігі бірнеше себептермен анықталады деп айтуға болады.

Жаһандық экологиялық проблемалардың шешілмеуі оларды шешудің неғұрлым тиімді тәсілдерін табу міндетін алға қояды. К.Я. Кондратьев пен К.С. Демирчан ғаламшар халқының алдында аса өткір тұрған үш жаһандық экологиялық проблемалар бар – бұл

климаттың өзгеруі, Жердің озон қабатының бұзылуы және "жаһандық биогеохимиялық айналымдардың тұйықталуы[4]".

Жаһандық экологиялық проблемалардың ерекшеліктерінің бірі оларды шешу үшін бүкіл әлемдік қоғамдастықтың күш-жігерін тарту қажеттілігі болып табылатынын атап өту маңызды, бұл жалпы жүйелік деңгейде экологиялық іс-шараларды кең ауқымды танымал етуді талап етеді.

Қазіргі әлемде әлемдік қоғамдастықтың қоршаған орта проблемаларына деген қызығушылығының артуын байқауға болады, бұл сондай-ақ экологиялық дипломатия институтының дамуын айқындайды. Азаматтық қоғамды, экологиялық үкіметтік ұйым мен халықаралық қатынастардың басқа да дәстүрлі емес акторларын қоршаған ортаны қорғау саласына белсенді тарту орын алуда. Бұл экологиялық проблемалардың жаһандылығын және оларды ұжымдық шешу қажеттілігін куәландырады. Экологиялық проблемаларға адами қарым-қатынастың жаппай өзгеруі жүріп жатыр, қоғам биожүйені бұзу үшін өзінің жауапкершілігін сезінеді және қоршаған орта проблемаларына қарсы күресте күш-жігерді біріктіруге дайын.

Экологиялық дипломатия институты ғаламшардың экожүйесін қалпына келтіру үшін белсенді күресетін көптеген елдерде кеңінен таралған. Осы байланыстағы ең жарқын және табысты мысал Еуроодақтың экологиялық дипломатиясы болып табылады. ЕО-ның экологиялық саясатты дамытудағы көшбасшы рөліне ие болу фактісімен ресейлік және шетелдік ғалымдар келіседі.

Мысалы, Е.В. Матвеева [5], В.М. Дикусар [6], С.А. Мохаммад [7] сияқты ресейлік ғалымдар, сондай-ақ шетелдік мамандар Т. Охлигер [8], В. Грант [9], М. Дункан және П. Невел. Еуроодақ халықаралық экологиялық ынтымақтастыққа белсенді қатысады, әртүрлі экологиялық іс-шараларды өткізуге және табиғи ортаны қорғау саласында келісімдерге қол қоюға бастамашылық етеді. Осылайша, бізге экологиялық дипломатия институтының дамуына ЕО экологиялық қызметінің әсерін заңды түрде қарау ұсынылады.

Қазіргі кезеңде ЕО-да қоршаған ортаны құқықтық реттеуді жетілдіру жүзеге асырылуда. Атап айтсақ, экологиялық ақпаратты жинақтау және өңдеу, қоршаған ортаның мониторингі, экологиялық сертификаттау, қоршаған ортаға әсер етуді бағалауға экологиялық шараларды қаржыландыру жүйесінің құқықтық негізін құрайтын актілер өзгеріске ұшырады.

Экологиялық стандартизациялау және сертификаттау саласында көптеген нормаларды кодификациялау талпыныстары жасалынууда.

Еуропада экологиялық саясатты жүзеге асырудың басты элементі қоршаған ортаны қорғау мәселесін ЕО Конституциясының жобасына енгізу болып табылады.

Маастрихт келісімшартына қол қойғаннан бастап ЕО біртіндеп «экологиялық одаққа» айнала бастады [10]. ЕО-ның мүше-мемлекеттері қоршаған ортаны қорғау міндеттерін саясаттың барлық салаларында іске асырылып жатқан нормативті-құқықтық актілермен интеграциялауға міндетті. ЕО қоршаған ортаны қорғау туралы көптеген директиваларды қабылдайды. Оны мүше-мемлекеттер ұлттық құқыққа инкорпорациялауы керек.

ЕО институттарының әрқайсысының жұмыс істеуі экологиялық проблематиканы қамтиды. ЕО деңгейінде қоршаған ортаны қорғау мәселелерімен:

- 1990 жылы құрылған Еуропалық комиссия,
- Еуропалық парламент,
- Еуропалық кеңес және
- қоршаған орта жөніндегі Еуропалық агенттік айналысады.

Қоршаған орта жөніндегі Еуропалық агенттікті және экологиялық ақпарат пен бақылаудың еуропалық желісін құру туралы қаулыда осы ұйымдардың мақсаты-ЕО-ның мүше мемлекеттердің, сондай-ақ ЕО-ға мүше емес мемлекеттердің объективті және шынайы ақпаратпен қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру,

қоғамды қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету. Қоршаған орта жөніндегі Еуропалық Агенттіктің және экологиялық ақпарат пен бақылаудың еуропалық желісі ұйымдарының қызметіне Еуропалық инвестициялық банк, өңірлер комитеті және экономикалық және әлеуметтік комитет белсенді қатысады.

Еуропалық Одақтың экология саласындағы тәжірибелік қызметі қоршаған ортаға қатысты арнайы орта мерзімді әрекет ету бағдарламаларымен жүзеге асырылады. Одақтың қоршаған орта саласындағы әрекет бағдарламалары – ұйымның жарқын болашақтағы басым шараларын анықтайтын саяси-құқықтық құжат. Жоғарыда атап өткен экологиялық саясат жүргізу кезеңдері шеңберінде Қауымдастық осындай алты бағдарлама қабылдаған. Олардың ең біріншісі атап өтілген екінші кезеңде Еуропа мемлекеттерінің экология мәселесіне көңіл аудара бастаған кезеңде 1973 жылы қабылданып, бүгінгі күнге дейін қоршаған орта саласындағы классикалық құжат болып табылады.

Келесі экологиялық әрекет бағдарламалары:

- 1977 жылы (Екінші бағдарлама),
- 1983 жылы (Үшінші бағдарлама),
- 1987 жылы (Төртінші бағдарлама) қабылданды.

1993 жылы қабылданған Бесінші әрекет ету бағдарламасы мазмұны жағынан фундаменталды болып, «Тұрақтылық бағытында» деген атпен шықты. Қазіргі таңда жүзеге асырылып жүрген Алтыншы әрекет ету бағдарламасы Еуропалық Парламент және Кеңестің 2002 жылғы №1600/2002 шешімімен бекітілген. Бұл бағдарлама алдыңғы бағдарламаларға қарағанда мерзімі жағынан ұзағырақ, яғни 2012 жылға дейін 10 жылға арналған [11].

Осылайша ЕО-ның ортақ экологиялық саясаты институционалды жетілген аймақтық саясаттың үлгісі бола алады.

Еуропалық Одақтың экологиялық саясатының қалыптасуын және дамуын, оның осы саладағы өкілеттігін сараптау экологиялық саясат саласында қомақты жинақталған тәжірибе туралы айтуға негіз болады. Еуропалық Одақ елдерінде қалыптасқан экологиялық стандарттар мен құрастырылған бағдарламалар өзінің ұлттық экологиялық саясатын дамытуға және жетілдіруге мүдделі Қазақстан үшін, аймақтың басқа мемлекеттері үшін маңызды болмақ.

Осыған орай Қазақстан Республикасы Еуропалық Одақты тек стратегиялық сауда немесе саяси серіктес ретінде ғана қарамай, сонымен бірге қоршаған ортаны қорғау саласындағы жүргізіп жатқан саясатын өзіндік бір талпынуға тырысатын үлгі ретінде қарауымыз керек деген ойдамыз.

Халықтың өмір сүру сапасын анықтайтын маңызды фактор ретінде қоршаған ортаны қорғаудың күрделі пәнаралық проблемасы бүгінде әлемнің дамыған елдерінің көпшілігінің алдында тұр. Өмір сүру ортасын сақтау-адамзаттың басты мүддесі. Қазіргі экологиялық жағдай бүкіл адамзатқа апатты жағдайларға ұқсас сипат алу қаупі бар. Және дәл осы жерде денсаулық пен өмірді сақтау басталған ХХІ ғ. басты жалпыадамзаттық ұраны болуы тиіс.

Әрбір мемлекет қоршаған ортаны сақтау функциясын жақсы таңдауға көмектесетін бақылау шаралары мен тәсілдерін таңдайды. Бұл стратегия субсидиарлық қағидатына сүйеніп, оған сәйкес экологиялық саясатта бірқатар мәселелер ең тиімді шешім табатын ең төменгі жерлерде шешіледі.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Байкушикова Г.С. Еуропада экология саласында саясаттың қалыптасуының кейбір мәселелері
2. Калиниченко П.А. Современные тенденции в развитии экологического права ЕС//[http://www.eulaw.ru/documents/articles/tend\\_ekol\\_prav.htm](http://www.eulaw.ru/documents/articles/tend_ekol_prav.htm) (дата обращения: 5.03.2020)

3. Современная экологическая политика. <http://www.greensalvation.org/>
4. Кондратьев К.Я., Демирчян К.С. Климат земли и «Протокол Киото» // Вестник Российской Академии Наук. 2001. N 11. С. 1002.
5. Матвеева Е.В. Экологическая политика Евросоюза // Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского. 2010. N 6. С. 311.
6. Дикусар В.М. Право окружающей среды Европейского союза // Современное право. 2007. N 8. С. 91.
7. Мохаммад С.А. Формирование элементов международного экологического управления в экологической политике Европейского союза // Евразийский юридический журнал. 2013. N 12. С. 37.
8. Ohliger T. Environment policy: general principles and basic framework [Электронный ресурс]. - [http://www.europarl.europa.eu/atyourservice/en/displayFtu.html?ftuId=FTU\\_5.4.1.html](http://www.europarl.europa.eu/atyourservice/en/displayFtu.html?ftuId=FTU_5.4.1.html).
9. Grant W., Duncan M., Newell P. The Effectiveness of European Union Environmental Policy. – New York: St. Martin’s Press, 2000. – 7-12 p.
10. Гусев А.А. Политика Европейского Союза. // Институт сравнительной политологии РАН. М., - 189 с.
11. Байкушикова Г.С. Еуропада экология саласында саясаттың қалыптасуының кейбір мәселелері

ӘОЖ 314.1

## **ЕУРОПАНЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ: КЕШЕ, БҮГІН, ЕРТЕН.**

**Шынтаева Диана Ахметқызы**

[diana.shyntaeva@gmail.com](mailto:diana.shyntaeva@gmail.com)

Аймақтану кафедрасының 3 курс студенті

Халықаралық қатынастар факультеті

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші - Шадаева Ш.А.

*Демография* (грекше. demos-халық және grapho-жазу) халық қоныстануы туралы ғылым, халық санының өзгеруін, туу мен өлім-жітімді, көші-қонды, жыныстық-жас құрылымын, ұлттық құрамын, географиялық бөлінуін және олардың әлеуметтік-экономикалық, тарихи және басқа факторларға тәуелділігін зерттейді.

Қазіргі таңда Еуропа халқының адам саны азайып келеді. Бұл үрдіс ХХ ғасырдың соңынан анық байқалады және таяудағы онжылдықта жеделдейді. Бүгінде орташа статистикамен, еуропалықтар 40 жылдық межеден асып кеткен жоқ.

Қоныстандырудың ғылыми теориясы еңбекке қатысатын халықты қоғамның басты өндірістік күші, бүкіл қоғамдық өндірістің негізі ретінде қарастырады. Экономикалық ортамен үнемі өзара іс-қимыл жасай отырып, халық оны қайта құруда белсенді рөл атқарады. Сонымен қатар, халық құрылып жатқан барлық материалдық игіліктердің басты тұтынушысы ретінде де әрекет етеді. Сондықтан халық саны – әрбір елдің және бүкіл адамзаттың дамуының маңызды факторларының бірі.

Жер бетіндегі ғасырлар бойғы халықты қоныстандыру мәселесі ғалымдар, саясаткерлер, қоғам қайраткерлерінің алдында тұрған барлық жаһандық мәселелердің ішіндегі жетекші болып табылады. Халықтың саны, құрамы, қозғалысы және әлеуметтік-экономикалық құбылыстар өзара байланысты болып келеді. Адамзат әр түрлі мемлекеттер арқылы қоғамдарды дамыту, өмір үшін қаражат өндіру процестерін реттеуге, өмір сүрудің